

"Құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсаттың мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 127 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 218 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 маусымда № 28585 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 15 қазандағы № 388-н/қ бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 15.10.2025 № 388-н/қ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсаттың мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 127 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16847 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) 393-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсаттың мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсат мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) 393-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленген және құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсаттың мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу тәртібін айқындайды.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Өткізілген тұрақсыз конденсат мөлшерін есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында есепке алу аспаптарына пломбалар салу жолымен пломбалау жүргізіледі.

Пломбалауды беруші тараптың жауапты адамдарының қатысуымен салық органының лауазымды адамы жүзеге асырады.

Құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсат мөлшерін есепке алу аспабы Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес салыстырып тексеруге жатады.";

8 және 9-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Құбыржол жүйелері арқылы өткізілген тұрақсыз конденсаттың мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу мақсаттары үшін тұрақсыз конденсат мөлшерін өлшеу тікелей әдіспен жүзеге асырылады.

9. Тікелей әдісті қолданған кезде тұрақсыз конденсаттың мөлшерін өлшеу тұрақсыз конденсат мөлшерін өлшеу жүйесі пайдаланыла отырып, тікелей массаны өлшеу бірлігінде (тоннада, килограмда) жүзеге асырылады.";

10 және 11-тармақтар алып тасталсын.

Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

Б. Акчулаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 22 маусымдағы
№ 218 бұйрығына
қосымша

Құбыржолдар жүйесі арқылы
өткізілген тұрақсыз
конденсаттың мөлшерін есепке
алу аспаптарының
көрсетілімдерін алу
қағидаларына
1-қосымша
нысан

20__ жылғы "___" _____ **пломбалар салу (алу) туралы акт**

Біз, төменде қол қойған _____

пломбалар салудың (алудың) жүргізілгені туралы осы актіні жасадық.

Атауы	Аспап түрі, дәлме-дәлді к сыныбы немесе шекті рұқсат етілген қателігі	Плом ба с а л у сәтіндегі аспап тың көрсетілімі	Салын ған пломбаның нөмірі (_____ немесе бедері)	Пломбаны алу сәтінде гі аспап тың көрсеті лімі	Алын ған пломбаның нөмірі (_____ немесе бедері)	Пломбалард ың саны (_____ салынған/ алынған)	Салыс тырып тексеру туралы сертификат
1	2	3	4	5	6	7	8

(салық органы маманының лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(беруші тарап өкілінің лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

